

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1528 қаулысы «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің «Қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны және Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің «Алатау» шаңғы және биатлон стадиондарының кешені» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қосылу жолымен Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің «Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып қ а й т а ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

2 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ж ө н і н д е г і у ә к і л е т т і о р г а н ;

2) спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру кәсіпорын қызметінің негізгі мәні б о л ы п а й қ ы н д а л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізілсін;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003; 28.08.2015 № 683 қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК